

"ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

"Қазақстан қор биржасы" АҚ акционерлерінің
жылдық жалпы жиналысының шешімімен
(2011 жылдың 23 маусымындағы № 19 хаттама)

Б е к і т і л д і

"Қазақстан қор биржасы" АҚ
Биржалық кеңесінің шешімімен
(2011 жылдың 31 наурызындағы
№ 07 хаттама)

М а қ ұ л д а н д ы

Биржалық кеңес туралы
Қ А Ғ И Д А

1. ЖАЛПЫ ҚАҒИДАЛАР

1. Биржалық кеңес туралы осы Қағида (бұдан әрі – Қағида) Қазақстан Республикасы заңнамасына, "Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі – "Биржа"), Биржаның басқа да ішкі құжаттарына сәйкес әзірленіп, Биржаның Директорлар кеңесінің (бұдан әрі – "Биржалық кеңес") құқықтық мәртебесін және қызметін ұйымдастырудың негізгі принциптерін анықтайды.
2. Биржалық кеңес Биржаның басқару органы болып табылады және, Қазақстан Республикасының "Акционерлік қоғамдар" заңымен (бұдан әрі – "Заң") және Биржа Жарғысымен (бұдан әрі – "Жарғы") Биржа акционерлерінің жалпы жиналысының ерекше құзіреттілігіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, Биржа қызметіне жалпы жетекшілік етеді.
3. Өз қызметін жүзеге асырғанда Биржалық кеңес Қазақстан Республикасының заңнамасын сондай-ақ Биржаның Жарғысын, Биржаның корпоративтік басқару кодексін (бұдан әрі – "Кодекс") және осы Қағиданы басшылыққа алады.

2. БИРЖАЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ ҚҰЗІРЕТТІЛІГІ

4. Биржалық кеңестің ерекше құзіреттілігіне:
 - 1) Биржа қызметінің басым бағыттарын анықтау;
 - 2) акционерлердің жылдық және кезектен тыс жалпы жиналысын шақырту туралы шешім қабылдау;
 - 3) акцияларды орналастыру (сату) туралы, соның ішінде жарияланған акциялар саны шегінде орналастырылатын (сатылатын) акциялардың саны туралы, оларды орналастыру (сату) әдісі мен бағасы туралы шешім қабылдау;
 - 4) орналастырылған акцияларды немесе басқа да бағалы қағаздарды Биржа қайта сатып алуы және қайта сатып алудың бағасы туралы шешім қабылдау;
 - 5) Биржаның жылдық қаржылық есебін алдын ала бекіту;
 - 6) Биржа облигацияларының және туынды бағалы қағаздарының шығарылым шарттарын анықтау;
 - 7) Басқарманың сандық құрамын, өкілеттілік мерзімін, жетекшісін және мүшелерін сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттілігін мерзімнен бұрын тоқтатуды анықтау;
 - 8) Басқарма жетекшісі мен мүшелерінің қызметтік оқладтарының көлемін және еңбекақы және сыйақы төлеу шарттарын анықтау;
 - 9) ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, өкілеттілік мерзімін анықтау, жетекшісі мен мүшелерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттілігін мерзімнен бұрын тоқтату, ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің еңбекақы көлемі және сыйақы төлеу шарттарын анықтау;
 - 10) корпоративтік хатшының өкілеттілік мерзімін анықтау, сондай-ақ оның өкілеттілігін мерзімнен бұрын тоқтату, корпоративтік хатшының қызметтік оқладының көлемі және сыйақы төлеу шарттарын анықтау;
 - 11) аудиторлық ұйымның, сондай-ақ Биржа акцияларына төлеу ретінде берілген немесе ірі мәміле заты болып табылатын мүлктің нарықтық құнын бағалау бойынша бағалаушының қызметтеріне төлеу көлемін анықтау;
 - 12) Биржа ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (Биржа қызметін ұйымдастыру мақсатында Басқармамен қабылданатынды қоспағанда), соның ішінде аукциондар өткізу және Биржа бағалы қағаздарына жазылу шарттары мен тәртібін анықтайтын, құжаттарды бекіту;
 - 13) Биржа өкілеттіліктерін ашу және жабу туралы шешім қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;

- 14) Биржаның басқа заңды тұлғалардың он және одан көп пайыз акцияларын (жарғылық капиталындағы үлесін) сатып алуы туралы шешім қабылдау;
 - 15) он және одан көп пайыз акциялары (жарғылық капиталындағы үлесі) Биржаға тиесілі, заңды тұлға акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының құзіреттілігіне жатқызылатын қызметтер мәселесі бойынша шешім қабылдау;
 - 16) Биржа міндеттемелерін, оның меншікті капиталы көлемінің он және одан көп пайызын құрайтын мөлшерге, ұлғайту;
 - 17) алдыңғы Биржа тіркеушісімен келісім-шартты бұзған жағдайда, Биржа тіркеушісін таңдау;
 - 18) қызметтік, коммерциялық немесе өзге де заңмен қорғалатын құпия болып табылатын, Биржа немесе оның қызметі туралы ақпаратты анықтау;
 - 19) ірі немесе Биржаның мүдделілігі бар, мәмілелер жасау туралы шешім қабылдау;
 - 20) Заңда және Жарғыда қарастырылған, акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзіреттілігіне жатқызылмаған, өзге де сұрақтар жатқызылады.
5. Қағиданың 4 тармағында белгіленген мәселелер тізімі, Биржа Басқармасына шешім қабылдауға берілуі мүмкін емес.
 6. Биржалық кеңес Жарғыға сәйкес Басқарма құзіреттілігіне жатқызылған мәселелер бойынша, сондай-ақ акционерлердің жалпы жиналысы шешімдеріне қайшы келетін шешім қабылдауға құқығы жоқ.
 7. Биржалық кеңес:
 - 1) лауазымды тұлғалар және акционерлер деңгейінде әлеуетті мүдделер шиеленістерін, соның ішінде Биржа меншігін заңсыз пайдалану және мүдделі мәмілелер жасасқанда, теріс пайдаланушылық таныту мүмкіндігін байқап, жойып отыруға;
 - 2) Биржадағы корпоративтік басқару практикасының тиімділігіне бақылау жасауға міндетті.

3. БИРЖАЛЫҚ КЕҢЕС КОМИТЕТТЕРІ

8. Ең маңызды мәселелерді қарау және олар бойынша Биржалық кеңеске нұсқаулар дайындау үшін:
 - 1) стратегиялық жоспарлау және бюджет;
 - 2) ішкі аудит;
 - 3) кадрлар, әлеуметтік мәселелер, сыйақы төлеу және этика;
 - 4) Биржаның ішкі құжаттарымен қарастырылған, өзге сұрақтар бойынша Биржалық кеңес комитеттері құрылуы мүмкін.
9. Комитет Биржаның жұмыс органы болып табылады, оның міндетіне Биржалық кеңеске нұсқаулар әзірлеу, сондай-ақ Биржалық кеңеспен жүктелген өкілеттілігіне сәйкес, Биржа қызметінің кейбір сұрақтарын қарап, олар бойынша шешім қабылдау кіреді.
10. Биржалық кеңес комитеттері Биржалық кеңес мүшелерінен және, осы комитетте жұмыс жасау үшін қажетті кәсіби білімдері бар, сарапшылардан тұрады.
11. Биржа Президенті Биржалық кеңес комитетінің төрағасы бола алмайды.
12. Биржалық кеңес комитетін құру және жұмыс тәртібі, сондай-ақ оның сандық құрамы, Биржалық кеңеспен бекітілген, Биржаның ішкі құжаттарында белгіленеді.
13. Қажетті жағдайда комитет жұмысына арнайы білімдері бар мамандар және тиісті қызмет ету саласында жұмыс тәжірибесі бар мамандар тартылуы мүмкін.

4. БИРЖАЛЫҚ КЕҢЕС ҚҰРАМЫ

14. Биржалық кеңес мүшесі тек жеке тұлға бола алады.
15. Биржалық кеңес мүшелері:
 - 1) жеке тұлға – акционерлер;
 - 2) акционерлердің өкілі ретінде Биржалық кеңеске сайлануға ұсынылған (нұсқалған) тұлғалар;
 - 3) басқа тұлғалар (Қағиданың 17 тармағында белгіленген шектеулерді ескеріп) арасынан сайланады.
16. Биржалық кеңес мүшелерін сайлау кумулятивті дауыс беру арқылы жүзеге асырылады. Акционер дауыс бергенде оған тиесілі акциялар бойынша тиесілі дауыстарын бір үміткерге немесе бірнеше Биржалық кеңестің мүшесі болуға кандидаттары арасында бөліп дауыс беруіне болады. Егер Биржалық кеңес мүшелігіне екі үміткер теңдей дауыс жинаған жағдайда, олардың арасында қосымша дауысқа салу өткізіледі.
17. Биржалық кеңес мүшелігіне, Биржа акционері болып табылмайтын және акционер өкілі ретінде ұсынылмаған (нұсқалмаған) жеке тұлға сайлана алады. Осындай тұлғалардың саны Биржалық кеңес құрамының елу пайызынан аспауы тиіс.
18. Басқарма мүшелері, жетекшісін қоспағанда, Биржалық кеңеске сайлануы мүмкін емес.
19. Биржалық кеңес мүшелерінің саны үштен кем болмауы тиіс және Биржалық кеңестің сандық құрамы акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен белгіленеді.
20. Заңға сәйкес Биржалық кеңес мүшелері санының кемінде үштен бір бөлігі тәуелсіз директорлар болуы тиіс.
21. Биржалық кеңес құрамына сайланатын тұлғаларға қойылатын талаптар, Қазақстан Республикасының заңнамасында, Жарғыда және Қағидада анықталады.
22. Жарғыға сәйкес, Биржа Президенті Биржалық кеңес құрамына тұрақты негізде, дауыс беруге қатысу құқығымен, кіреді (қызметі бойынша).
23. Биржалық кеңестің құрамына тұрақты негізде, дауыс беру құқығымен, саны Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген, уәкілетті мемлекеттік орган өкілдері кіреді.

5. БИРЖАЛЫҚ КЕҢЕС МҮШЕЛЕРІНІҢ ӨКІЛЕТТІЛІК МЕРЗІМІ

24. Биржалық кеңес мүшелігіне сайланған тұлғалар, Қазақстан Республикасының заңнамасында және Жарғыда өзгесі қаралмаған жағдайда, шексіз сан рет қайта сайлана алады.
25. Биржалық кеңес мүшелерінің өкілеттілік мерзімін акционерлердің жалпы жиналысы белгілейді.
26. Биржалық кеңес мүшелерінің өкілеттілік мерзімі, акционерлерінің жалпы жиналысында Биржалық кеңестің жаңа құрамын сайлау сәтінде, аяқталады.
27. Акционерлердің жалпы жиналысы Биржалық кеңестің барлық мүшелерінің немесе олардың кейбіреуінің өкілеттілігін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы.
28. Биржалық кеңес мүшесі бастамасымен оның өкілеттілігінің мерзімінен бұрын тоқтатылуы Биржалық кеңеске жазбаша өтініші негізінде жүзеге асырылады.
29. Осындай Биржалық кеңес мүшесінің өкілеттілігі, Биржалық кеңес жазбаша өтінішін алған сәттен бастап, тоқтатылады.
30. Биржалық кеңес мүшесінің өкілеттілігі мерзімінен бұрын аяқталған жағдайда, Биржалық кеңестің жаңа мүшесін сайлау акционерлердің жалпы жиналысында кумулятивті әдіспен дауыс беру арқылы жүзеге асырылады, бұл ретте Биржалық кеңестің жаңа сайланған мүшесінің өкілеттілік мерзімі, түгел Биржалық кеңестің өкілеттілігі мерзімімен бірге, аяқталады.

6. БИРЖАЛЫҚ КЕҢЕС МҮШЕЛЕРІНЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

31. Биржалық кеңес мүшелеріне үміткерлер кәсіби тәжірибелі, білімді және іскери беделді, Биржалық кеңес жұмысына өз үлесін қосуға қабілеті және ортақ мақсаттарға қол жеткізу үшін жұмысқа ниеті болуы тиіс.
32. Биржалық кеңес мүшелері Биржаның жетекшілік етуші қызметкерлері болуы тиіс және Биржалық кеңес құрамына сайлағаннан кейін олар уәкілетті органда мақұлдаудан өтеді.
33. Биржалық кеңес мүшелігі қызметіне:
 - 1) жоғарғы білімі жоқ;
 - 2) бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамада белгіленгендей, тізімі уәкілетті органмен белгіленетін, халықаралық қаржылық ұйымдарында жұмыс тәжірибесі жоқ, және (немесе) қаржылық қызметтер көрсету және (немесе) қаржылық қызметтерді реттеу және (немесе) қаржылық ұйымдардың аудитін өткізу аясында жұмыс тәжірибесі жоқ;
 - 3) мінсіз кәсіби беделі жоқ;
 - 4) бұдан бұрын уәкілетті орган, қаржылық ұйымның консервациясын жүзеге асыру, мәжбүрлеп акцияларын қайта сатып алу, қаржылық ұйымның лицензиясынан айыру, сондай-ақ қаржылық ұйымды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленген тәртіпте мәжбүрлеп жою немесе банкрот деп мойындау туралы шешім қабылдауына дейін бір жылдан аспайтын кезеңде, айтылмыш ықпалшаралар қолданылған ұйымның, директорлар кеңесінің бірінші жетекшісі, басқарманың бірінші жетекшісі (тіркеушінің атқарушы органының функциясын жеке-дара жүзеге асырған тұлға, трансферт-агенті) және оның орынбасары, бас бухгалтері, ірі-қатысушы – жеке тұлға, қаржы ұйымының ірі қатысушысы – заңды тұлғасының бірінші жетекшісі болған тұлға сайлана алмайды. Айтылмыш талап, уәкілетті орган, қаржылық ұйымның консервациясын жүзеге асыру, мәжбүрлеп акцияларын қайта сатып алу, қаржылық ұйымның лицензиясынан айыру, сондай-ақ қаржылық ұйымды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленген тәртіпте мәжбүрлеп жою немесе банкрот деп мойындау туралы шешімін қабылдағаннан кейін бес жыл бойы қолданылады;
 - 5) өзге қаржы ұйымында басшылық етуші қызметкер қызметін атқару кезінде басшылық етуші қызметкер қызметіне тағайындалуына келісімі қайтарып алынған тұлға бола алмайды. Айтылмыш талап, уәкілетті органның осы тұлғаны жетекші қызметкер қызметіне тағайындау келісімін қайтарып алу туралы шешім қабылдағаннан кейін, қатарынан соңғы он екі ай бойы қойылады.
34. Уәкілетті орган Биржалық кеңес мүшесін, Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес, Биржалық кеңес мүшесінің әрекеттерін сәйкессіздігін мойындауға жеткілікті мәліметтер негізінде, қызметтік міндеттерін орындаудан шеттетуге құқылы.
35. Уәкілетті орган мынадай негіздер бойынша Биржалық кеңес мүшелігіне сайлауға келісімін қайтарып алуға құқылы:
 - 1) келісім беруге негіз болған мәліметтердің жалғандығы анықталғанда;
 - 2) уәкілетті органның Биржалық кеңес мүшесіне және (немесе) Биржаға уәкілетті орган жүйелі түрде (қатарынан соңғы он екі ай бойына кемінде үш рет) санкциялар қолданғанда;
 - 3) уәкілетті орган Биржалық кеңес мүшесін, аталмыш қызметкердің әрекеттерін Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкессіздігін мойындауға жеткілікті мәліметтер негізінде, қызметтік міндеттерін орындаудан шеттетуге;
 - 4) кешірілмеген немесе өтелмеген сотталғандығының бар болуы.
36. Уәкілетті орган Биржалық кеңес мүшелігіне сайлаған келісімін қайтарып алған жағдайда, Биржа осы Биржалық кеңес мүшесінің өкілеттілігін тоқтату бойынша шаралар қолдануы тиіс.

37. Биржалық кеңес мүшесі:

- 1) шешімдерді барлық акционерлердің және Биржаның мүддесіне объективті, саналы жауапкершілікпен қабылдауға;
- 2) Қазақстан Республикасы заңнамасының, Жарғының және Биржаның ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес, барлық акционерлердің және Биржаның мүддесіне, ақпараттану, айқындық негізінде әрекет етуге;
- 3) оған жүктелген функцияларды тиімді орындауға қол жеткізетіндей, соның ішінде басқа ұйымдарда басқару органдарында қызметтерді қосып атқаруға жеткілікті уақыты болуға;
- 4) Биржа мүддесіне сәйкес келеді деп санаса, өзінің объективті пікірін айтып, оны қорғауға;
- 5) қызметке тағайындалғаннан бастап, қандай да бір тұлғаның немесе тұлғалар тобының мүддесіне емес, Биржа және оның акционерлерінің мүддесін қорғау;
- 6) барлық акционерлерге бірдей әділетті болып, корпоративтік мәселелер бойынша тәуелсіз объективті ой-пікірін айтуға;
- 7) Биржаның мәмілелер жасасуына мүддесінің бар болуы туралы ақпараттарды жасырмай және толық көлемде ашуға;
- 8) Қазақстан Республикасы заңнамасында және Жарғыда белгіленген талаптарға сай болуға міндетті.

7. БИРЖАЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ ТӘУЕЛСІЗ ДИРЕКТОРЫ

38. Тәуелсіз директор деп:

- 1) Биржаның аффилирленген мүшесі болып табылмайтын және оның Биржалық кеңеске сайлануына дейін үш жыл қатарынан осындай мүшесі болмаған (Биржаның тәуелсіз директоры қызметінде болған жағдайды қоспағанда);
 - 2) Биржаның аффилирленген тұлғаларының аффилирленген тұлғасы болып табылмайтын;
 - 3) Биржаның лауазымды тұлғаларымен немесе Биржаның аффилирленген тұлғалар – ұйымдарына бағыныштылық байланысы жоқ және осы тұлғалармен, Биржалық кеңес мүшелігіне сайланар алдында үш жыл бойы, байланысы болмаған;
 - 4) мемлекеттік қызметкер болып табылмайтын;
 - 5) Биржа аудиторы болып табылмайтын және Биржалық кеңес мүшелігіне сайланар алдында үш жыл бойы осындай аудитор болмаған;
 - 6) Биржа аудитіне аудитор ретінде қатыспайтын, аудиторлық ұйым құрамында жұмыс істемейтін, және Биржалық кеңес мүшелігіне сайланар алдында үш жыл бойы осындай аудитке қатыспаған, Биржалық кеңес мүшесі мойындалады.
39. Тәуелсіз директорларға Заңмен қойылатын талаптардың критерийлеріне ықпал ететін, Қағиданың 38 тармағында белгіленген жағдайлардың бірі немесе бірнешеуі орын алған жағдайда, тәуелсіз директор Биржалық кеңесті осындай жағдайлардың туындағаны туралы өтініш беріп, ескертуі тиіс. Бұл ретте, Биржалық кеңес осы туралы акционерлерді ақпараттандырып, ал қажетті жағдайда, жаңа тәуелсіз директорды сайлау үшін акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыртуға құқылы.

8. БИРЖАЛЫҚ КЕҢЕС МҮШЕСІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

40. Биржалық кеңес мүшесі өз міндеттерін тиісті орындау мақсатында:

- 1) Биржалық кеңес отырысын, Заң және Жарғыда белгіленген тәртіпке сәйкес, шақыртуға;

- 2) Басқармадан және Биржа қызметкерлерінен Биржалық кеңестің және, өзі мүшелік ететін, Биржа комитеттерінің құзіреттілігіне кіретін сұрақтар бойынша қажетті және толық ақпараттарды уақытында алуды талап етуге;
 - 3) Биржалық кеңес мүшесі міндеттерін атқаруға байланысты, өз құзіреттілігі шегінде әрекеттер жасап, шешімдер қабылдауға;
 - 4) Биржалық кеңестің шешімі бойынша, Биржалық кеңес қызметінің негізгі бағыттары бойынша кәсіби біліктілігін арттыруға арналған оқулардан өтуге;
 - 5) Биржалық кеңестің шешімімен, Биржаның атқарушы органы қызметкерлеріне арналған ерікті сақтандыру бағдарламасына/бағдарламаларына енгізілуіне;
 - 6) Биржалық кеңестің шешімімен, Биржалық кеңестің бір немесе бірнеше мүшелерін Биржа басқа аумаққа, белгілі бір мерзімге, Биржаның мүддесіне осы Биржалық кеңес мүшелері әрекеттер жүргізуге жолдануына байланысты шығындарды көтеруді және/немесе өтеуді талап етуге құқылы. Бұл ретте осындай шығындарды көтеру және/немесе өтеу, ҚР заңнамасында және/немесе Биржаның ішкі құжаттарында Биржаның атқарушы органының қызметкерлері үшін іссапараға жолдағанда белгіленген нормалары мен шектеулері шегінде, расталған құжаттарды ұсыну шартымен жүзеге асырылады.
41. Биржалық кеңес мүшесі:
- 1) өзіне жүктелген міндеттерді адал орындап, Биржа және оның акционерлерінің мүдделерін ең жоғарғы дәрежеде қорғайтындай, амалдарды қолдануға;
 - 2) Биржа мүлігін Жарғы және акционерлердің жалпы жиналысы мен Биржалық кеңес шешімдеріне қайшы, сондай-ақ жеке басының мүддесіне қолданбауға және өзінің аффилиирленген тұлғаларымен мәмілелер жасасқанда асыра пайдаланушылыққа жол бермеуге;
 - 3) бухгалтерлік есеп және қаржылық есеп берушілік, соның ішінде тәуелсіз аудит өткізу, жүйелерінің бүтіндігін қамтамасыз етуге;
 - 4) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес, Биржа қызметі туралы ақпараттарды ашу және беруді бақылауға;
 - 5) егер өзгесі Биржаның ішкі құжаттарында белгіленбесе, Биржа қызметі туралы ақпараттың, соның ішінде Биржадағы жұмысын тоқтатқан сәтінен бастап үш жылға дейін, құпиялығын сақтау;
 - 6) Қазақстан Республикасы заңнамасының, Жарғының және Биржаның ішкі құжаттарының және келісім-шарттың талаптарына сәйкес, ақпараттандыру, айқындық негізінде, Биржа және оның акционерлерінің мүддесіне әрекет етуге;
 - 7) барлық акционерлерге әділетті болып, корпоративтік мәселелер бойынша тәуелсіз объективті ой-пікірін айтуға;
 - 8) Биржалық кеңес отырыстарына белсене қатысу;
 - 9) Биржалық кеңес отырысына қатыса алмаған жағдайда Басқармаға себептерін айтып, ескертуге;
 - 10) Биржалық кеңес мүшесінің мүддесі мен Биржа мүддесі арасындағы шиеленіске әкеп соқтыратын немесе әкеп соқтыруға әлеуетті қабілетті әрекеттерден тартыну, ал осындай шиеленіс орын алған жағдайда – осы туралы Биржалық кеңеске ақпараттарды ашып, өзінің бұдан әрі әрекеттерінің тәртібін сақтауға шаралар қолдануға;
 - 11) мүдделі мәміле жасасу ниеті туралы жазбаша түрде Биржалық кеңеске хабарлауға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында ақпараттарды ашу бойынша белгіленген тәртіпте жасасқан мәмілелері туралы ақпараттарды ашуға;
 - 12) мүддесі бар сұрақтар (Биржалық кеңес мүшесінің немесе оның аффилиирленген тұлғаларының мүддесі бар мәміле) бойынша дауыс беруден тартынуға міндетті. Бұл ретте, Биржалық кеңес мүшесі хатшы арқылы мүдделіліктің факті және оның туындау негіздері туралы хабарлауға;

- 13) Биржалық кеңес мүшесінің міндеттерін атқару мерзімінде және Биржадағы жұмысы аяқталғаннан кейін, Биржаның ішкі құжаттарында белгіленген мерзім бойы, Биржа туралы ақпараттарды, инсайдерлік ақпаратты, сондай-ақ заңмен қорғалатын коммерциялық құпия болып табылатын ақпаратты жарияламауға және жеке басының немесе үшінші жақтың мүддесі үшін пайдаланбауға міндетті.
42. Биржалық кеңес мүшесі Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған, өзге де құқықтары бар және өзге де міндеттерді атқарады.

9. БИРЖАЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ ТӨРАҒАСЫ

43. Биржалық кеңестің Төрағасы, оның мүшелерінің жалпы саны арасынан, дауыстардың көпшілігімен, ашық дауыс беру арқылы сайланады.
44. Егер өзгесі Жарғыда белгіленбесе, Биржалық кеңес кез келген уақытта төрағаны қайта сайлауға құқылы.
45. Биржалық кеңес Төрағасы Биржалық кеңестің жұмысын ұйымдастырады, оның отырыстарын жүргізеді, сондай-ақ Жарғыда белгіленген басқа міндеттерді атқарады.
46. Биржалық кеңес төрағасы болмаған кезде, оның міндеттерін Биржалық кеңес шешімімен Биржалық кеңес мүшелерінің бірі атқарады.
47. Биржалық кеңес, Биржалық кеңестің Төрағасы болмаған кезде оның орнын басуға құқылы, Биржалық кеңес мүшелерінің арасынан ең көбі екі адамды сайлауы мүмкін.

10. БИРЖАЛЫҚ КЕҢЕС ОТЫРЫСЫН ШАҚЫРТУ

48. Биржалық кеңес отырысы Биржалық кеңес Төрағасының бастамасымен немесе Басқарма бастамасымен немесе:
 - 1) Биржалық кеңестің кез келген мүшесінің;
 - 2) Биржаның ішкі аудит қызметінің;
 - 3) Биржаның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымның;
 - 4) ірі акционердің бастамасымен шақыртылуы мүмкін.
49. Биржалық кеңес отырысын шақырту туралы талап қою, Биржалық кеңес Төрағасына тиісті жазбаша хат-хабарын жолдау арқылы, Биржалық кеңес отырысының ұсынылатын күн тәртібі көрсетіліп, жүзеге асырылады.
50. Биржалық кеңестің Төрағасы отырыс шақыртудан бас тартқан жағдайда, бастамашы айтылмыш талапты Басқармаға қоюға құқылы, ал Басқарма Биржалық кеңестің отырысын шақыртуға міндетті.
51. Биржалық кеңестің Төрағасы немесе Басқарма Биржалық кеңес отырысын, шақырту туралы талап келіп түскеннен кейін он күнтізбелік күннен кешіктірмей, егер өзгесі Жарғыда қарастырылмаса, шақыртуы тиіс.
52. Биржалық кеңес отырысы, міндетті түрде айтылмыш талапты қойған тұлға шақыртылып, өткізіледі.
53. Биржалық кеңес мүшелеріне Биржалық кеңес отырысы өткізілетіні туралы хабарлама жолдау тәртібін Биржалық кеңес анықтайды.
54. Биржалық кеңес отырысының күн тәртібі сұрақтары бойынша материалдар Биржалық кеңес мүшелеріне отырыс өткізілер алдында кемінде үш күн бұрын берілуі тиіс.
55. Ірі мәміле және (немес) мүддесі бар мәміле жасасу туралы шешім қабылдау туралы сұрақты қарастырған жағдайда, мәміле туралы ақпаратта мәміле тараптары, мерзімі, мәмілені орындау шарттары туралы, тартылған тұлғалардың үлес көлемі мен сипаты, сондай-ақ бағалаушының есебі (Заңмен қарастырылса) туралы мәліметтер қоса берілуі тиіс.

11. БИРЖАЛЫҚ КЕҢЕС ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ОНЫҢ ОТЫРЫСТАРЫН ӨТКІЗУ

56. Биржалық кеңес отырысын өткізуге қажетті кворум Жарғыда анықталады, бірақ Биржалық кеңес мүшелерінің жалпы санының жартысынан кем болмауы тиіс.
57. Биржалық кеңес мүшелерінің жалпы саны Жарғымен белгіленген кворумға жеткіліксіз болған жағдайда, Биржалық кеңес акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыртып, Биржалық кеңестің жаңа мүшелерін сайлауы тиіс. Биржалық кеңестің қалған мүшелері тек акционерлердің осындай кезектен тыс жалпы жиналысын шақырту туралы шешімін ғана қабылдауға құқылы.
58. Биржалық кеңестің әр бір мүшесінің бір дауысы бар.
59. Биржалық кеңестің шешімдері, егер өзгесі Заңда және Жарғыда қарастырылмаса, Биржалық кеңес мүшелерінің қарапайым дауыс көпшілігімен қабылданады.
60. Дауыстар саны тең болған жағдайда Биржалық кеңес төрағасының дауысы немесе Биржалық кеңес отырысында төрағалық ететін тұлғаның дауысы шешімді болып саналады деп Жарғыда белгіленуі мүмкін.
61. Биржалық кеңестің шешімі, егер өзгесі Биржалық кеңестің шешімімен, Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерімен немесе Биржаның ішкі құжаттарымен қарастырылмаса, Биржалық кеңес қабылдаған сәттен бастап өз күшіне енеді.
62. Биржалық кеңестің хатшысы Корпоративтік хатшы, немесе, Биржалық кеңестің тиісті шешімімен оның орнын басатын тұлға, болып табылады.
63. Биржалық кеңес өзінің жабық отырысын өткізу туралы шешім қабылдауға құқылы, осындай отырысқа тек Биржалық кеңес мүшелері ғана қатыса алады.
64. Биржалық кеңестің қарауына ұсынылған сұрақтар бойынша Биржалық кеңестің шешімдерін сырттай дауыс беру арқылы қабылдауы туралы және осындай шешімді қабылдау тәртібі Жарғыда және (немесе) Биржаның ішкі құжаттарында қарастырылуы мүмкін.
65. Сырттай дауысқа салынған шешім, белгіленген мерзімде тапсырылған бюллетеньдердің кворумы болған жағдайда, қабылданды деп саналады.
66. Биржалық кеңестің сырттай өткізілген отырысының шешімі жазбаша түрде рәсімделеді және оған хатшы мен Биржалық кеңестің Төрағасы қол қояды.
67. Рәсімделген күннен кейін жиырма күн аралығында шешім Биржалық кеңес мүшелеріне, осы шешімді қабылдауға негіз болған бюллетеньдерімен қосып, жолданылуы тиіс.
68. Көзбе-көз тәртіпте өткізілген отырыста қабылданған Биржалық кеңестің шешімдері, хаттамамен рәсімделіп, отырыста төрағалық еткен тұлғамен және Биржалық кеңес хатшысымен отырыс өткеннен кейін үш күн ішінде құрастырылып, қол қойылуы тиіс, хаттамада:
 - 1) Биржаның атқарушы органының толық атауы және орналасқан жері;
 - 2) отырыс өткен күні, уақыты және жері;
 - 3) отырысқа қатысқан тұлғалар туралы мәліметтер;
 - 4) отырыстың күн тәртібі;
 - 5) дауысқа салынған сұрақтар және, Биржалық кеңес отырысының күн тәртібіндегі әр сұрақ бойынша Биржалық кеңестің әр мүшесінің дауыс беру нәтижесі көрсетілген, дауысқа салу қорытындылары;
 - 6) қабылданған шешімдер;
 - 7) Биржалық кеңес шешімімен өзге де мәліметтер қамтылуы тиіс.
69. Биржалық кеңестің отырыс хаттамалары және, сырттай дауысқа салу арқылы қабылданған Биржалық кеңестің шешімдері Биржаның мұрағатында сақталады.
70. Биржалық кеңестің хатшысы Биржалық кеңес мүшесінің талабы бойынша Биржалық кеңес отырысының хаттамаларын және сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешімдерін танысуға беруге және (немесе) хаттамадан және шешімнен, Корпоративтік (немесе)

Биржаның басқа да өкілденген қызметкерінің) хатшының қолымен расталған, Биржаның мөрі басылған, үзінді көшірмесін беруге міндетті.

71. Биржалық кеңестің отырысына қатыспаған немесе, Биржалық кеңестің Заңмен немесе Жарғымен белгіленген тәртіпті бұзушылықпен қабылданған шешіміне қарсы дауыс берген Биржалық кеңес мүшесі сот тәртібінде қарсы шығуға құқылы.
72. Акционер, Заңмен және Жарғымен белгіленген тәртіпті бұзушылықпен қабылданған, Биржалық кеңес шешіміне, егер айтылмыш шешіммен Биржаның және (немесе) осы акционердің құқықтары мен заңды мүдделері бұзылған жағдайда, сот тәртібінде келіспеуге құқылы.
73. Биржалық кеңестің отырыстары (көзбе-көз немесе сырттай түрінде өткізілген) қажетіне қарай, бірақ айына кемінде бір рет өткізіледі.
74. Биржалық кеңес Биржалық кеңес жұмысының регламентін бекітуге құқылы, бұл Биржалық кеңес қызметін ұйымдастыруға байланысты, бірақ Қазақстан Республикасының заңнамасында, Жарғыда, Кодексте және Қағидада қарастырылмаған сұрақтарды қосымша реттейтін Биржаның ішкі құжаты болып табылады.
75. Биржалық кеңестің қызметін ұйымдастыру шегінде оның Төрағасы:
 - 1) Биржалық кеңестің өзге органдармен және Биржаның дербес құрылымдық бөлімшелерінің жетекшілерімен тиімді өзара қызметін қамтамасыз етеді;
 - 2) Биржалық кеңес отырыстарының күн тәртібін құрастырады және Биржалық кеңес мүшелеріне күн тәртібіндегі сұрақтар бойынша шешім қабылдауға қажетті ақпараттарды уақытылы ұсыну бойынша тиісті шараларды қолданады;
 - 3) Биржалық кеңес мүшелерінің айтылмыш сұрақтар бойынша өз пікірін еркін айтуын және ашық талқылауын қолдайды, қаралатын сұрақтар бойынша шешім жобаларын қалыптастыруды бастамалады.
76. Президент және Басқарма мүшелері, Биржаның дербес құрылымдық бөлімшелерінің жетекшілері, соның ішінде Корпоративтік хатшы арқылы, Биржалық кеңес отырысының күн тәртібіндегі сұрақтар және Биржалық кеңестің кез келген мүшесінің сауалы бойынша толық және расталған ақпараттарды уақытылы ұсынады.

12. КОРПОРАТИВТІК ХАТШЫ

77. Корпоративтік хатшы – Биржалық кеңес мүшесі болып табылмайтын, Биржалық кеңеспен тағайындалған және Биржалық кеңеске бағынышты, Биржа қызметкері.
78. Корпоративтік хатшы Биржа акционерлерінің мүддесіне қызмет етеді және оның жұмысы мынадай негізгі мәселелерді шешуге бағытталады:
 - 1) Биржа акционерлерінің жалпы жиналысын дайындап, өткізуге байланысты іс-шараларды жүзеге асыру;
 - 2) акционерлерге Биржа туралы ақпараттарды ашуға себептесу;
 - 3) акционерлердің құқығын бұзушылық себепті пайда болған шиеленістерді Биржа органдарымен уақытылы қарауын қамтамасыз ету;
 - 4) Биржалық кеңес отырыстарын дайындап, өткізу бойынша іс-шараларды жүзеге асыру;
 - 5) Корпоративтік хатшы қызметіне қатысты, Биржаның құжаттарын сақтауды қамтамасыз ету;
 - 6) акционерлердің жалпы жиналысы және Биржалық кеңес шешімдерінің орындалуын бақылау;
 - 7) Биржаның корпоративтік басқару принциптерін сақтауды қамтамасыз ету;
 - 8) Биржа органдары арасындағы байланыс арналарының тиімді жұмысын қамтамасыз ету.

79. Корпоративтік хатшы өз қызметі шегінде акционерлердің жиналысы және Биржалық кеңес отырыстарын дайындап, өткізуді бақылайды, акционерлердің жалпы жиналысының және Биржалық кеңес отырысының күн тәртібіндегі сұрақтар бойынша материалдарды дайындауды қамтамасыз етеді, олармен танысу мүмкіншілігін қамтамасыз етеді.
80. Корпоративтік хатшы Биржалық кеңес мүшелеріне Биржалық кеңес отырысының өткізілуі және оның күн тәртібі туралы хабарлайды, Биржалық кеңес отырыстарының хаттамасын және, Биржалық кеңестің сырттай қабылданған шешімдерін рәсімдейді, сондай-ақ айтылмыш құжаттарды, Биржаның ішкі құжаттарында белгіленген тәртіпте, Биржа мұрағатына өткізуді жүзеге асырады.
81. Корпоративтік хатшының құзіреттілігін және қызметін, Биржалық кеңес бекіткен, Биржаның ішкі құжаттары анықтайды.
82. Корпоративтік хатшы қызметіне үміткерлерге қойылатын біліктілік талаптарын анықтау, оның өкілеттілік мерзімін белгілеу, қызметке тағайындау және өкілеттілігін тоқтату Биржалық кеңестің құзіреттілігіне жатады.

13. БИРЖАЛЫҚ КЕҢЕС МҮШЕЛЕРІНЕ СЫЙАҚЫ ТӨЛЕУ

83. Биржалық кеңес мүшелеріне сыйақы төлеу көлемін және шарттарын анықтау Биржа акционерлерінің жалпы жиналысының ерекше құзыреттілігіне жатады. Бұл ретте, егер Биржа акционерлерінің жалпы жиналысы Биржалық кеңес мүшелеріне сыйақы төлеудің қандай да бір шарттарын анықтамаса, Биржа акционерлерінің жалпы жиналысының шешіміне қарсы келмеген бөлігінде, Қағиданың осы бөлімінде қарастырылған сыйақы төлеу шарттары қолданылады.
84. Биржалық кеңес мүшелеріне сыйақы төлеу көлемі Биржа акционерлерінің жалпы жиналысының шешімімен белгіленеді.
85. Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органдарының өкілдері болып табылатын, Биржалық кеңес мүшелеріне сыйақы белгіленбейді және төленбейді.
86. Қағиданың 87 – 108 тармақтары, соның ішінде Биржалық кеңес мүшелеріне сыйақы төлеудің көлемі мен шарттарын анықтауға қатыстысы, Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органдарының өкілдері болып табылатын, Биржалық кеңес мүшелеріне қолданылмайды.
87. Биржалық кеңес мүшесіне төленетін ай сайынғы сыйақысының көлемі ұлттық валютада (теңгемен) белгіленіп, осы сомадан, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, салықтары мен міндетті аударымдары ұсталады.
88. Биржа акционерлерінің жалпы жиналысымен анықталған Биржалық кеңес мүшелеріне сыйақы төлеу көлемі, егер өзгесі акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен белгіленбесе, Биржалық кеңестің өкілеттілік мерзіміне түгел анықталады.
89. Істегі Биржалық кеңес өз міндеттерін орындау барысында Биржалық кеңестің жаңа мүшесі тағайындалған жағдайда, Биржалық кеңестің жаңа мүшесіне төленетін сыйақы көлемі істегі Биржалық кеңестің мүшелеріне төленетін сыйақы көлеміне тең көлемде белгіленеді.
90. Биржалық кеңес мүшесі бір күнтізбек айдан асатын мерзімде болмаған кезде (негізгі жұмыс орны бойынша еңбек демалысында болу, ұзақ іссапарға кетуі, сырқаттануына байланысты немесе басқа да себептермен), Биржалық кеңес Төрағасына және Биржа Басқармасына жазбаша түрде хабарлауға міндетті.
91. Биржалық кеңес мүшесі бір күнтізбелік ай бойы болмаған жағдайда және Биржалық кеңес және (немесе) Биржалық кеңес комитеттерінің отырыстарына, сондай-ақ Биржалық кеңестің және (немесе) Биржалық кеңес комитеттерінің сырттай қабылданатын шешімдеріне дауыс беруге қатыспаған жағдайда, осындай Биржалық кеңес мүшесіне осы кезеңге сыйақы төленбейді.
92. Биржалық кеңес мүшесінің Биржалық кеңес отырыстарына және Биржалық кеңестің сырттай дауыс беруіне қатысу (қатыспау) есебін үнемі Корпоративтік хатшы немесе оның орнын басатын тұлға жүргізеді.
93. Биржалық кеңес мүшесінің Биржалық кеңес комитеттерінің отырыстарына және Биржалық

кеңес комитетінің шешім қабылдауы бойынша сырттай дауыс беруге қатысу (қатыспау) есебін Биржалық кеңес комитетінің хатшысы немесе, Биржалық кеңес комитеті төрағасының шешімімен, оның орнын басатын тұлға жүргізеді. Есепке алу нәтижелері есептік ай аяқталғанда Корпоративтік хатшыға үнемі беріліп тұрады.

94. Ай сайынғы сыйақы Биржалық кеңес мүшесіне айына бір рет, есептік айдан кейінгі келесі айдың бесінші жұлдызынан кешіктірмей Биржа акционерлерінің жалпы жиналысының шешімімен, Қағидада және Биржалық кеңес мүшесімен жасалған келісім-шартта белгіленген көлем мен тәртіпте төленеді.
95. Биржалық кеңестің барлық мүшелеріне, олардың Биржалық кеңес комитеттеріндегі мүшелігіне қарамастан, Қағиданың 96 және 97 тармақтарында қарастырылған жағдайларды қоспағанда, ай сайынғы сыйақы көлемі бірдей етіп тағайындалады.
96. Биржалық кеңес Төрағасына, Биржалық кеңестің мүшелеріне белгіленген, ай сайынғы сыйақысына 30 (отыз) пайыз көлемінде үстемақы тағайындалады.
97. Биржалық кеңес төрағасы болмаған кезде, ай сайынғы сыйақыға үстемақысы оның орнын басқан тұлғаға төленеді.
98. Биржалық кеңес комитеттерінің төрағаларына және олардың орнын басатын тұлғаларға, Биржалық кеңес мүшелеріне белгіленген, ай сайынғы сыйақыларына үстемақы тағайындалмайды.
99. Биржалық кеңес Төрағасымен және әр бір мүшесімен, Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органдарының өкілдерін қоспағанда, тиісті азаматтық-құқықтық келісім-шарт жасалып, акционерлердің жалпы жиналысымен уәкілеттенген тұлға қол қояды.
100. Биржа акционерлерінің жылдық жалпы жиналысында Биржа қызметінің нәтижелерін қарастырғанда, Биржалық кеңестің есептік жылдағы сыйақылық төлемінің жалпы сомасын белгілеу және Биржалық кеңес мүшелеріне төлеу туралы шешім қабылданады.
101. Биржалық кеңес мүшелерінің жылдық сыйақылық төлемінің жалпы сомасының көлемі Биржалық кеңес мүшелерінің есептік кезеңдегі ай сайынғы сыйақысының сомасынан 20 (жиырма) пайызынан аспауы тиіс.
102. Жылдық сыйақылық төлем сомасын Биржалық кеңес мүшелеріне бөлу, Биржалық кеңес шешіміне сәйкес, Биржалық кеңестің әр бір мүшесінің есептік жылдағы жұмыс нәтижесін бағалауы негізінде, жүзеге асырылады.
103. Биржалық кеңес отырыстарының, Биржалық кеңес отырыстарының, Биржалық кеңес шешім қабылдағанда Биржалық кеңес мүшелерінің сырттай дауыс беруінің және Биржалық кеңес комитеттері отырыстарының, Биржалық кеңес комитеті шешім қабылдағанда Биржалық кеңес комитеттері мүшелерінің сырттай дауыс беруінің елу және одан көп пайызына қатыспаған Биржалық кеңес мүшелеріне жылдық сыйақылық төлем төленбейді.
104. Биржалық кеңес мүшелеріне жылдық сыйақылық төлемін төлеуді, акционерлердің жылдық жалпы жиналысының шешіміне сәйкес, Биржалық кеңестің өз мүшелерінің жұмысын бағалауы негізінде, Биржаның аудиттелген жылдық қаржылық есеп берушілігін бекіту бойынша акционерлердің жылдық жалпы жиналысы өткізілгеннен кейін 10 (он) күнтізбелік күн аралығында, Биржа жүзеге асырады
105. Биржалық кеңес шешімімен Биржа өзінің қызметкерлеріне қатысты ерікті сақтандыру туралы туралы келісім-шарт жасасқан жағдайда, сақтандырумен Биржалық кеңес мүшелері де қамтылады, Биржалық кеңес мүшелеріне арналған сақтандыру өтелімі, Биржалық кеңес мүшелерінің өз қызметтік міндеттерін атқару мерзіміне, Биржа Басқармасы мүшелеріне қарастырылған сақтандыру өтелімімен бірдей болады.
106. Ерікті сақтандыру кезінде сақтандырумен қамту, сақтандырылатын Биржалық кеңес мүшесінің келісімімен, жүзеге асырылады.
107. Биржалық кеңес шешімімен, Биржалық кеңес мүшесінің оқуына, Биржа қызметінің негізгі бағыттары бойынша кәсіби біліктілігін жоғарылатуға шыққан шығындарын өтеуге/төлеуге құқылы.

108. Биржалық кеңес шешімімен, Биржалық кеңес мүшесіне осы Қағиданың 40 тармағы 6) тармақшасында белгіленген жағдайларға және шарттарға сәйкес, тиісті шығындарының өтелуі және/немесе төленуі, Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) Биржаның атқарушы органдарының қызметкерлерін іссапарға жолдау кезінде Биржаның ішкі құжаттарында белгіленген нормалары мен шектеулері шегінде, қамтамасыз етіледі.

14. БИРЖАЛЫҚ КЕҢЕС МҮШЕЛЕРІНІҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

109. Биржалық кеңес Төрағасы және мүшелері өздерінің қызметтік міндеттерін орындамағаны және тиісті орындамағаны үшін, Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылғандай, жауапты болады.

110. Биржалық кеңес Төрағасы және мүшелері Биржа және оның акционерлері алдында өздерінің әрекеттері және (немесе) әрекетсіздігі салдарынан пайда болған залалына, соның ішінде, бірақ тек сонымен шектелмей:

- 1) адастыратын ақпараттар беру, немесе әдейі жалған ақпаратты беру;
- 2) Заңда белгіленген, ақпараттар беру тәртібін бұзу;
- 3) алақол әрекеттер және (немесе) әрекетсіздік салдарынан Биржа шығынға ұшырайтындай, соның ішінде өзі немесе аффилиирленген тұлғалар Биржамен жасалған мәмілелер нәтижесінде пайда (табыс) алуы мақсатында ірі мәміле және (немесе) мүдделі мәмілелер жасасуға ұсыныс жасау және (немесе) шешім қабылдау нәтижесінде пайда болған шығындарына соқтырғаны үшін жауап береді.

15. ҚОРЫТЫНДЫ ҚАҒИДАЛАР

111. Осы Қағида, сондай-ақ оған енгізілетін өзгертулер мен толықтырулар, Биржа акционерлерінің жалпы жиналысымен бекітіледі.